

Қазақстан Республикасының  
Жоғарғы сотының төрағасы  
К.А.Мами мырзаға.

ШҚО, Көкпекті ауданы,  
Шұғылбай, Мамай, Нұра ауылдарының  
тұрғындарынан.

**Құрметті Қайрат Абдразақұлы!**


Біз, төменде көрсетілген ШҚО, Көкпекті ауданы, Шұғылбай, Мамай және Нұра ауылының тұрғындары жеке меншігіміздегі аздаған малымызды асырап, адал еңбегімізбен күнімізді көреміз. Биыл 2017 жылы қыркүйек айында «Елім-ай» шаруа қожалығының басшысы біздің үстімізден «егініме малдарын түсірді»- деп полицияға арыз түсірді. Алайда, егінге түскен мүлдем басқа шаруа қожалығының малдары болатын. Өкінішке орай, ауылымызға келген полиция қызметкерлері оқиғаны тексеріп шыңдықтың байыбына бармай барлығымызға протокол толтырып 10 АЕК көлемінде айыппұл салып тастады. Бізге, ауылдың қарапайым адамдарына бұл айыппұл үлкен материалдық соққы болды. Өйткені, барлығымыздың қалада оқитын студент балаларымыз бар, үйімізде де кәмелетке толмаған және мектеп жасындағы балалар бар. Соңдықтан, екі ай бойы әділдік іздеп ауданға шапқыладық. Нұр-отан партиясына, аудан әкіміне және басқа да мемлекеттік мекемелерге барып кінәсіз екенімізді айтып шағымдандық. Бірақ, бізге ешкім көмектесе алмады. Соңғы үмітімізді арқалап Көкпекті аудандық сотына барып шағым түсірдік. Көкпекті аудандық сотының төрағасы Әділ Бақытбекұлы өзінің атына сай әділ азамат екенің көрсетті. Барлық куәлерді және мүделі адамдарды шақырып біздің шағымдарымызды жан-жақты толық тексерді. Сот отырысында біздің кінәсіз екеніміз анықталып, заңсыз Қаулылардың күші жойылып әкімшілік істер қысқартылды. Осылай екі ай бойы ізденіп жүріп ақыры әділдікті сот органынан таптық. Қазіргі уақытта да қара қылды қақ жарған әділ соттар бар екеніне көзіміз жетіп қатты қуанып ауылымызға қайттық.

**Құрметті Қайрат Абдразақұлы!** Қол астыңыздағы соттардың біліктілігі, әділділігі үшін Сізге және Көкпекті аудандық сотының төрағасы Әділ Бақытбекұлына шың жүрегімізден шыққан алғысымызды білдіреміз. Сіз басқарып отырған соттардың халық алдындағы абройы күннен күнге арта берсін деген тілегімізді қабыл алыңыз.

17.11.2017 жыл.

ШҚО, Көкпекті ауданы, Шұғылбай, Мамай, Нұра ауыл тұрғындары:

- ↳ Мұсау Мұсаев. С. А.
- ↳ Қыпқ Жасенов Е. К.
- ↳ Мұсау Мұсаев. Д. С.
- ↳ Асқу Абдрақалимов. С.
- ↳ Әлімжан Оспанов. Ш. 1015



- « Дир. Оразов, А.
- « Мамат Мамбаев А. Д.
- « Исупин Юсупов, К.
- « Азиз Оралиханов, А. Д.
- « Ораз. Оразов М. К.
- « Кипр Камель, С. В.
- « Кипр Оразов, К. З.
- « Исабаев, С. М.
- « Жук Калдыбай, Е.
- « Шеев, " Усеров Т. Б.
- « Мир Мирал, С.